

Творческая деятельность способна оказать преобразующее влияние на личность подростка. Теоретически основа толкования понятия детского творчества строится на признании наличия у детей врожденных задатков, которые независимо и спонтанно выявляются в деятельности детей. В раннем детстве уже складывается свободное творчество, отвечающее принципам свободы творчества. Источником музыкального творчества считают жизненные явления, саму музыку, музыкальный опыт, которым овладел ребенок. Процесс детского творчества вызывает у детей особое желание действовать в искренней и непринужденной обстановке в таких видах деятельности, как игра, инсценировка, песня и др. По своей природе детское творчество синтетично и часто носит импровизационный характер. Оно дает возможность значительно полнее судить об индивидуальных особенностях и своевременно выявить способности у детей [4, 17]. Б.М. Теплов отмечает, что вовлечение школьников в творческую деятельность полезно для общего развития, вполне отвечает потребностям и возможностям ребенка.

Таким образом, проблема поверхностного восприятия музыки – одна из актуальных в музыкальном образовании и воспитании. Пер-

спективность решения данной проблемы объясняется практической значимостью и возможностью критически относиться к той музыке, которую молодежь слышит повседневно, а также повышением интереса к высокому искусству, к лучшим образцам отечественной и зарубежной музыкальной культуры.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Апраксина О.А. Методика музыкального воспитания в школе. – М.: «Просвещение», 1983. – 222 с.
- 2 Барышева Т.А. Эмпатия и восприятие музыки // Взаимодействие искусств в пед. процессе: Межвуз. сб. науч. тр. – Л.: ЛГПИ, 1989. – 156 с.
- 3 Беляева-Экземплярская С.Н. О психологии восприятия музыки. – М.: «Музыка», 1923. – 125 с.
- 4 Берхин Н.Б. Роль сопереживания в восприятии и создании художественных произведений // Вопр. психол. – 1988. – № 4. – С. 155–160.

Tүйін

Бұл мақалада мектеп оқушыларына арналған музыкалық мәдениеттің қалыптасуы берілген.

Conclusion

The article describes the problem of making musical culture in schools.

ПІКІР-САЙЫС ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫНДА ҚОЛДАНУ

Анасова А.Б.

Демократиялы ашық қоғам құруға қол жеткізу үшін бірінші кезекте жеке адамдар мен азаматтардың құқықтық білімдерін тереңдетіп, олардың саяси мәдениетін көтеруді жүзеге асыруымыз керек. Бұл жаһандану процесі жедел дамып, еліміз дүниежүзі елдерімен интеграцияны күшейтіп жатқан тұста ерекше мәнге ие болып отыр.

Қазақстан Республикасы осыны түсініп, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған оқытудың жаңа жүйесін қалыптастыру мақсатында біршама оң өзгерістер енгізуде.

Шығармашылық қабілеті мол, жан-жақты дамыған азамат тәрбиелеуде жаңа педагогикалық технология ауадай қажет. Білім беру технологияларының басты мақсаты білім беру сапасын арттыру, оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Сондықтан педагогика саласында жаңа технологиялар көптеп енуде.

Оқушының білім, білік және дағдысын қалыптастыру негізінде білімнің сапасын арттыру жолдары білім беру мазмұнын, оқыту формасы мен әдістерін дамыту арқылы жүзеге асады.

Білім беру сапасы – қоғамдағы білім беру процесінің жағдайын, нәтижесін, сондай-ақ жеке тұлғаның кәсіптілігінің қалыптасуын және даму болашағының қажеттілігін анықтайтын әлеуметтік категория. Ал педагогикалық технология – ғылымда оқытудың тиімді жолдарын зерттеуші және оқытуда пайдаланатын әдістердің, принциптердің, сондай-ақ оқытудың нақты үрдісі ретінде қызмет атқарады [1, 25].

Гуманитарлық білімді бұрынғы білім беру жүйесі бойынша оқушы санасына сіңіру жеткілікті деңгейде нәтиже бермейтіндігі қа-

зіргі кезде түсінікті болып отыр. Себебі, дәстүрлі оқу жүйесі бойынша оқушының қосымша гуманитарлық білім алуға деген мотивациясын ашу біршама қиынға соғуда. Бұрын оқу процесінде баланы тек қана қабылдаушы ретінде түсініп келсек, ендігі жерде біз оқушының гуманитарлық білім деңгейін көтеру үшін оның өз бетінше ізденуіне стимул жасайтын, дұрыс бағыт-бағдар беретін оқытудың озық технологиясын енгізуіміз керек.

Осындай педагогикалық технологияларының бірі – пікір-сайыс. Бұл технологияның өзіне тән ерекшелігі – оқушылардың жеке немесе тобымен өз беттерінше ізденулеріне, білімдерін жетілдірулеріне стимул жасайтындығы.

Ойларын, пікірлерін шашыратпай, жинақы жеткізулеріне дағдыландыратындығы. Пікір-сайыстың бір артықшылығы – оқушының бір ғана пәнмен шектеліп қалмай, басқа да қосымша гуманитарлы пәндерді қатар меңгеріп, жан-жақты білімді болуға бағыттайтындығы. Оқыту үрдісінде оқушы білімін тереңдету, іздене білуін үйрету, зерттеп саралай білуге баулуда пікір-сайысты немесе оның элементтерін пайдаланудың тиімді жақтары мол. Пікір-сайыста үлгерімі төмен оқушылардың бойларына сенім оятады. Өзін көпшіліктің алдында дұрыс ұстауға үйретеді. Оқушылардың бойында толеранттық қасиетті қалыптастырады. Оларды шыдамдылыққа, бір-бірін түсіне білуге үйретеді. Балаларға бүгінгі өмірмен байланыстырып тәлім-тәрбие береді.

Қазіргі таңда білім жүйесінде үлкен салмақ оқушының өзіне түседі. Мұғалімнің міндеті: оқушының жан-жақты дамуына барлық мүмкіндіктер туғызу және білім алуға бағыттау. Ал бұл мақсатқа мұғалім мен оқушы тек бірлесе жасалған жұмыс арқасында жете алады.

Қазіргі жасөспірімдердің дамуына тоқталсақ, олар өз бетінше ойлауға дағдыланбаған деген пікір қалыптасуда. Олай болса, осы мәселені қалай шешуге болады? Осы жерде көптеген педагогикалық технологиялардың ішінде дебат технологиясы осы мәселелерді шешуге өз үлесін қосуда.

Қазіргі таңда пікір-сайыс дамуы біздің қоғамға керек пе, жоқ па сауалы ешкімде де туындамайды. Пікір-сайыс шығармашылық тұлғаның дамуына үлесін қосқаннан басқа, бүкіл іс-әрекеті білімге негізделген тұлға тәрбиелейді.

Тарих сабақтарында пікір-сайыс элементтерін қолдану арқылы пікір-сайыстың оқушы дамуына ықпалын қарастырдық.

Пікір-сайыс элементтерін сабақ барысында қолданудағы мақсатым – қазіргі ақпараттық кеңістіктік саналы өмір сүруге бейімделген сауатты тұлға қалыптастыру.

Оқушы алдына: «Пікір-сайыс сені неге үйретеді?» – деген сауал қойсақ, көп жауаптар естиміз, бірақ соның ішінде: пікірталасты ешкімнің намысына тимей жүргізуді үйренеміз, – деген жауап назар аудартады. Өйткені бәрімізге де белгілі: жасөспірімдер арасында пікірталас көп туындайды және ол неше түрлі соққыға, ренішке әкеліп жатады. Осыдан қарап отырсаңыз пікір-сайысқа үйрете келе, біз тәрбиелеуші міндетін де атқарамыз.

Осы кезде мұғалімдер алдында балалардың қосымша әдебиет оқымау проблемасы тууда. Бұл проблема пікір-сайыс арқылы да шешілуі мүмкін. Өйткені, пікір-сайысқа дайындалу барысында пікір-сайыстырушылар көп оқиды, сарапшылармен жүздесуде тыңдайды, ал оқу мен тыңдау сөйлеу мен жазудың сапасын жақсартады. Осы төрт әрекеттің қосылуы, Цицерон айтқандай, «шешендік өнерді меңгерудің негізгі шарттары».

Өз бетімен, өзіндік ынтасымен оқу сауатты тілдік тұлғаны қалыптастыруда үлкен нәтижеге жеткізеді.

Пікір-сайыс технологиясы бойынша қосымша білім беру төмендегі идеяға сәйкес жүргені дұрыс:

1. Баланың іс-әрекетінің өз қалауынша жүруіне, еркін таңдауына мүмкіндік беру.

2. Білім берудің оқушының жеке қабілетіне сәйкес жүруі.

3. Оқыту, даму және тәрбие берудің біртұтастығы [1, 26].

Қосымша гуманитарлы білім беру мектептің тәрбие беру мүмкіндігін кеңейтеді, оқушының өзін-өзі тануына жол ашады. Оның ашылмай жүрген жаңа қырларын табуға көмектеседі. Дебат технологиясы тек қана клубтың өз ішкі деңгейінде қалып қоймай, мектептің негізгі оқу-тәрбие процестерімен байланысып, үйлесімді жүрсе ғана оң нәтижесін береді.

Дебат технологиясын үш түрлі бағытта пайдалануға болады:

1. Оқу процесінде.

2. Тәрбие сабақтарында.

3. Сыныптан тыс уақыттарда, дебат клубында.

Дебатты оқу процесінде қолданудың пайдасы өте жоғары, әсіресе, сабақтар модульдік технология арқылы жүргізілгенде өзінің оң нәтижесін береді.

Мысалы: Қазақстан тарихы пәні бойынша «60-жылдардағы ҒТР және Қазақстан» тақырыбындағы дебат сабағын ұйымдастырдық. Сабақтың тақырыбы бір ай бұрын алдын ала хабарланды. Сайысқа екі топ қатысатын болды да, қалған оқушылар төрешілердің рөлін атқаруы керек болды.

Дебаттың көмегімен оқушылар өз беттерінше ҒТР-дің жетістіктері мен кемшіліктерін ашып, тәп-тәуір талдау жасайды. Басқа оқушылар болса сайысқа сын көзбен қарап, өздеріне қажетті негізгі ұғымдардың мәнін ашып, керекті түсініктерді меңгереді.

Тәрбие сабақтарында дебатты қолдану оқушылардың өз бетінше іздену, оқуы арқылы рухани жан дүниесінің баюына мүмкіндік жасайды.

Оқыту үрдісінде пікір-сайыстың маңызды жағы – оқушының жүйелеп ойын жеткізе білуде, жүйелі, дәлелді сөйлей білуде орашолалықтығы байқалатын болса, пікір-сайысты сабақтарда тиімді пайдалану арқылы осы кемшіліктерден арылуға болады.

Пікір-сайыс технологиясын пайдалана отырып, біз сабақтарда қоғамдық, әлеуметтік проблемаларды шешу жолдарын қарастырамыз. Проблеманың шешілуіне дағдыланған оқушыдан нағыз азаматтық позициясы қалыптасқан, еліне, мемлекетіне деген сүйіспеншілігі артқан қоғам мүшесі шығады. Ал бұл тек қана пікір-сайыс бағдарламасының мақсаты емес, жалпылай, демократиялық қоғамның мақсаты.

Пікір-сайыстың тәрбиелік мәні – уақытты үнемді, тиімді пайдаланып, оқушыны жинақылыққа, эстетикалық, этикалық талғампаздыққа үйретуінде. Мәдениетті қарым-қатынас, өзін-өзі ұстай білу, сыпайы жауап қату, қандай жағдайда да төзімділік танытып, қызбалықтан аулақ болу, өзінің жолдастарын ұятқа қалдырмау, жауапкершілікті сезіну, т.б. оқушы бойына қажетті тәрбиені сіңіру – пікір-сайыстың ұстанған басты бағыттарының бірі.

Өзінің пікірі мен қарсыласының пікірінен тиісті қорытынды шығара білу – пайымдай білуге, пікірлер арасындағы логикалық байланыстың жоқ екенін аша білу – ойлау дағдыларын қалыптастыруға, сөзді жүйелі айта білу, мәнді-мағыналы сөйлей білу – шешендікке үйрететіндігі пікір-сайыстың педагогикалық негізгі ұстанымы.

Әрбір ұлттың өзіндік ерекшелігі, салт-дәстүрі болады. Сондықтан пікір-сайыс біздің халықтық педагогикаға жақын. Қазақ халқы

шешендік сөзді жоғары бағалаған. «Өнер алды – қызыл тіл» деп, сөз бастаған шешенді қол бастаған батырмен пара-пар қойған. Шешендік тапқыр ойдың тұтқасы деп есептеген. Шешендік өнер қазақтың қанына біткен қасиет. Жігін тауып сөйлей білудің, логикалық ойды жүйелеп айтып жеткізе білудің өзі шеберлікті, шешендікті, ойлылықты, ақыл парасатты қажет етеді. Ақылдың көзі ойда жатыр. Логикалық жүйемен дұрыс ойлай білу дұрыс жүйелеп сөйлеу білу мәдениетін қалыптастырады. Сондықтан ақылдың қадір-қасиетін көпті көрген қариялар бағалап, ақылдың адам өмірінен алатын орнын өз ұрпақтарының санасына сіңіріп келеді.

Пікір-сайыс қазақтың айтыс өнеріне ұқсас. Айтыс өнерінің талаптарын пікір-сайыс өнерінен де байқауға болады. Онда ақындық шеберлік болмағанмен, айрықша сөз өнері, мүдірмей, кідірмей, уәжді сөзді ой кестесімен өрнектеп жеткізе білу қажеті ортақ [2, 14].

Пікір-сайыстың оқу-процесінен тыс негізі қолданылып, өзінің жемісін беретін ошағы дебат үйірмесі немесе дебат клубы болып есептеледі. Дебат клубын ұйымдастыру арқылы оқушылардың өзін-өзі басқару проблемасы шешіледі. Оқушылардың алған білімдерін практикада пайдалануға жол ашылады. Олардың шығармашылық жұмыспен айналысып, ізденуіне мүмкіндік ашылады.

Қорыта келе, пікір-сайыс ұлттық ерекшелігімізге сай келетін бірден-бір жаңа педагогикалық технология. Сондықтан құрылымы білім беру технологиялары ретінде зерттеліп, білім беру үрдісінде кеңірек қолданыс тапса. Сонымен, пікір-сайыс технологиясының элементтерін сабақта қолдану мынадай мақсаттарға жеткізеді:

- оқушының логикалық, сыни тұрғысында ойлауын дамыту;
- әр түрлі пікірлерге төзімділік, сенімділік білдіру;
- көпшілік алдында сөйлеу мәнерін қалыптастыру [3, 24].

Пікір-сайыс үйренуге тұрарлық өнер. Оқушылардың өз бетімен іздену, білім алу және шығармашылық белсенділігін арттыруды көздейді. Сондықтан да «Пікір-сайыс» бағдарламасы келешекте саяси-әлеуметтік санасы жетік, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастарды тәрбиелей береді деген сенім мол.

Қорыта айтқанда, «Пікір-сайыс» бағдарламасы – ұлттық мектеп мақсат еткен білімді,

білікті, ойы ұшқыр, мәдениетті тұлғаны қалыптастыру үшін де мектептің тәрбие жүйесінің негізгі құрам бөлігі болуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Логинова Л.Г. Дополнительное образование детей. – М.: Владос, 2002.

2 Пікір-сайыс шыңдалу мектебі // Қазақстан мектебі. – 2003. – №9.

3 Пікір-сайыс және білім беру: Мақалалар жинағы. – Алматы, 2000.

Резюме

В данной статье рассматривается использование элементов дебатной технологии на уроках гуманитарного цикла и значение дебатной технологии в образовании и воспитании.

Conclusion

In given article use of elements debates technologies at lessons of a humanitarian cycle is considered. And as value debates technologies in formation and education.

ОБ АКТУАЛЬНЫХ ВОПРОСАХ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ МАГИСТРОВ В СИСТЕМЕ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Баймухамбетова Б.Ш., Байменова К.С.

Социально-экономические, политические, научно-технические, культурные изменения в современном мире определяют требования общества к системе образования, которая должна носить опережающий характер, своевременно реагировать на динамические изменения в стране и обеспечивать кадровое сопровождение стратегии академического роста с ориентиром на прогрессивные структурные изменения. Важным направлением в развитии образования становится введение системы непрерывного образования. В центре внимания идеи непрерывного образования находятся сам человек, его личность, желания и способности, разностороннему развитию которых уделяется основное внимание. Непрерывное образование призвано обеспечить гармоничное развитие каждой личности, индивидуализировать обучение, воспитать в каждом человеке осознанную потребность в повышении уровня знаний. Каждому обучающемуся должны быть созданы условия для получения нужных ему знаний.

По мнению Н.Н. Тулькибаевой, З.М. Большаковой, механизмом непрерывного образования в новых условиях является осознанная личностью необходимость совершенствования имеющихся знаний и повышения профессионального мастерства. «Непрерывность и повторяемость названных двух этапов по жизни и определяет процесс непрерывного образования» [4, 14].

Магистерское образование как компонент многоуровневого образования, лаконично вписывающегося в структуру непрерывно-

го образования, представляет собой новую парадигму в развитии образования, которая знаменует достаточно радикальный уход от старой, предшествующей парадигмы, обычно именуемой традиционной.

Согласно новой парадигме в развитии образования, обучение направлено не только на сообщение учащимся определенной суммы знаний, но и на развитие личности, ее познавательных и созидательных способностей. Содержание обучения предполагает творческое приобретение знаний и их непроизводственное практическое применение, ориентируется на приобретение методологических знаний, необходимых для самостоятельного приобретения любых потребовавшихся знаний в тот или иной период жизни [1, 26].

Анализ образовательных программ магистратуры показал, что главной особенностью в содержании образовательных магистерских программ является органичное переплетение образовательного и научно-исследовательского компонентов. При этом обеспечивается решение двух задач – широкой фундаментальной и глубокой профессиональной подготовки в соответствующей научной области и увеличения исследовательской доли в общей подготовке преподавателя высшей школы.

Образовательный компонент в профессиональной образовательной программе подготовки магистра направлен на формирование более целостного видения будущей профессиональной деятельности, на широту и фундаментальность получаемого образования, мак-